

# Туған өлкемнің тарихи тұлғалары

Кітапханада Абай Құнанбайұлына арналған іс-шара өтті



РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ

30 қазан күні аудандық орталық модельдік кітапханасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Рухани қазына» кіші бағдарламасының «Туған жер» арнайы жобасы аясында «Ауылдық округтер кітапханалары күні» жобасының төртінші кездесуі өтті.

Кездесу барысында, Қарақоға, Ломонос, Теңіз ауылдық округдерінің кітапханашылары Жанар Бабакаева, Нұржамал Түлебаева, Аида Шамаганова, Гүлнар Қалмақова, Айгерім Нуркина өздерінің жұмыстарымен бөлісті. Аталмыш ауылдық округтерде кітапханалар жұмысы мемлекеттік тілде және ұлттық салт-дәстүр,



әдет-ғұрыпты, мәдениетті насихаттау, өлкетану мақсатында жүргізіледі. Кітапханашылар ауылдық

округтердің құрылуы, мол тарихы жайында презентациялар мен бейне роликтер ұсынды. Ауда-

нымыздың игілігі үшін еңбек етіп, мол еңбектерін сіңірген бір туар азаматтардың еңбектері мен

өмірлері жайлы тағылымы мол деректер оқыды.

Келелі кездесуден кейін кітапханашылар қазақ

халқының ұлы ақыны, ағартушысы, ойшылы, қоғам қайраткері, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушысы - Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған «Абай-дана, Абай-дара қазақта» атты іс-шарасын өткізді. Іс-шарада бас ақынымыз Абай Құнанбаевтың өлеңдері мен қара сөздері оқылып, әндері орындалды. Кітапханашылардың ұйымдастыруымен мектеп оқушыларының Абай атамыздың өмірінен үзінді бейнеқойылым көрсетілді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында кітап көрмесі де ұйымдастырылды. Көрмеде Абайдың шығармашылығы жайында, Абайдың өмір жолы, қызметін дәріптейтін кітаптар көрсетілді.

**Н. КУАНЫШЕВА,**  
*әдістемелік-библиографиялық жұмыс бөлімінің әдіскері*